**Қауымдық сервитутты белгілеу туралы**

Ақмола облысы Аққөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 29 шілдедегі № А-7/140 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Аққөл ауданының әкімідік ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аққөл ауданының, Қарасай ауылдық округі әкімшілік шекарасында орналасқан, осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жалпы ауданы 162,5 гектар жер учаскесін "Melior Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскесін алып қоймай, 2030 жылғы 24 қыркүйекке дейінгі мерзімге пайдалы қазбаларды барлау үшін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Melior Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "Аққөл аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жер учаскесін шектеулі мақсатты пайдалану (қауымдық сервитут) жөнінде келісім-шарт жасассын.

3. "Melior Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен белгіленсін.

4. "Melior Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау мақсатында жер учаскесін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын сақтасын.

5. "Аққөл аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қауылын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде ресми жариялануға жіберуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Аққөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күшіне енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Аққөл ауданының әкімі* | *Б.Әбдірахманов* |

Аққөл ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "29" шілдедегі
№ А-7/140 қаулысына
1 қосымша

## "Melior Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

| № р/с | Жер пайдаланушылардың (меншік иелерінің) атауы | кадастрлық нөмірі | Жария сервитут белгілеудің жалпы ауданы, гектар | Оның ішінде | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ауыл шаруашылығы алқаптары, жайылымдар, гектар | Өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, гектар |
| 1 | Аққөл ауданының босалқы жерлері | | 162,5 | 162,5 | |
| | Жиыны | | | 162,5 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК